ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

„30„ шілде 20 20 ж.г. № 77

Қызылорда қаласы город Қызылорда

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңының 18-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ә. Ахметке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
әкімі **Г. Әбдіқалықова**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «30» желтоқсан № 77 қаулысына
қосымша

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысы

1. Жалпы ережелер

1.1. «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта құру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 9 тамыздағы №231 қаулысына сәйкес оған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді («Толқын» газеті баспасы» ЖШС, «Қазалы» газеті ЖШС, «Қармақшы таңы» ЖШС, «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы» ЖШС, «Тіршілік тынысы» газеті» ЖШС, «Өскен өңір» газетінің редакциясы» ЖШС, «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясы» ЖШС, «Қызылорда медиа» ЖШС) қосу жолымен жаңадан құрылды.

1.2. Серіктестіктің құрылтайшысы 100% қатысу үлесімен Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады.

Құрылтайшының орналасқан жері және мекенжайы: индексі 120018, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1

1.3. Серіктестіктің фирмалық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктігі»;

мемлекеттік тілде қысқартылған атауы: «Сыр медиа» ЖШС»;

2) орыс тілінде: «Товарищество с ограниченной ответственностью «Сыр медиа»;

қысқартылған атауы орыс тілінде: «ТОО «Сыр медиа».

1.4. Серіктестіктің мекенжайы: индексі 120018, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А.

1.5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.6. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

- республиканың, облыстың, ауданның және қаланың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өміріндегі оқиғалары туралы, оқырмандарды қызықтыратын басқа да ақпараттардан тұратын өзекті, шынайы және толық мәліметпен қамтылған қоғамдық-саяси басылымдарын («Кызылординские вести», «Сыр бойы», «Толқын», «Қазалы», «Қармақшы таңы», «Жалағаш жаршысы», «Тіршілік тынысы», «Өскен өңір», «Жаңақорған тынысы», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары») дайындап шығару, жарнамалық қызмет көрсету, баспадан шығару, тарату, сату, жаздыру, жеткізу;

- республикада, облыста, аудан аумағында жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформалардың мәнін түсіндіру;

- Жастар газетін және интернет-газетін ашу, олардың жұмыстарын ұйымдастыру;

- облыстық радио ашу;

- облыс аймақтарында әлеуметтік-экономиикалық қоғамдық-саяси және діни ахуалдарға социологиялық зерттеулер жүргізу.

2. Серіктестіктің заңдық мәртебесі

2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын иеленеді;

2.2. Серіктестіктің мөрі, дербес теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы жазылған бланкісі болады;

2.3.Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.4. Серіктестік өзінің заңды тіркелген жерінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 43-бабына сәйкес филиалдар құрып, өкілдіктер ашуға құқылы.

2.5. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Серіктестік қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, қатысушылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестікке қатысушылар Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар бойынша өздері енгізген салымдар құнының шегінде тәуекелге барады.

3. Серіктестік қатысушысының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестікке қатысушылар:

1) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңында көрсетілген тәртіпте және Серіктестіктің жарғысы бойынша Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамаларымен танысуға;

3) Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі оның үлесіне сәйкес оның мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңымен көзделген (бұдан әрі - Заң) және Серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға құқылы.

3.2. Серіктестікке қатысушы:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдар енгізуге;

2) Серіктестік коммерциялық құпияға жатқызған мәліметтерді жария етпеуге;

3) атқарушы органды, сондай-ақ, тіркеушіні (Серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізген жағдайда) осы жарғының 1-тармағы 1.2) тармақшасында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.3. Серіктестік қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

4. Серіктестікке қатысушыға, үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

4.1. Серіктестік өз қатысушысының талап етуі бойынша оған қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

Серіктестікке қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат болып:

1) Серіктестіктің, байқаушы кеңестің, атқарушы органның, Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексеруші) жалпы жиналысында қатысушымен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да астам пайызды құрайтын мөлшерде Серіктестіктің қарыз алуы;

3) Серіктестіктің нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан астам пайызды құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуы;

4) Серіктестіктің қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауға Серіктестік бұрын алған лицензиялардан айыру;

5) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде Серіктестік мүлкі жойылған, теңгерімдік құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан астам пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

7) Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тарту, сондай-ақ, Серіктестік немесе оның лауазымды тұлғалары олардың тарапы ретінде танылатын немесе әрекет жасайтын барлық басқа да сот істері туралы мәліметтер;

8) Серіктестікті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болғанда);

10) Серіктестік жауапкер болып табылатын сот органдарындағы іс қозғалу туралы, соның ішінде корпоративтік даулар бойынша ақпарат, сондай-ақ олардың шешілу нәтижелері;

11) Серіктестік жарғысына сәйкес серіктестікке қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

4.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат қатысушыға оның жазбаша сұраулары бойынша, атқарушы органға қатысушының шешімінде белгіленген мерзімде беріледі.

Үлесті сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі және көлемі қатысушының шешімімен және үлесті сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

5. Серіктестіктің мүлкі

5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 717 463 224,00 (жеті жүз он жеті миллион төрт жүз алпыс үш мың екі жүз жиырма төрт) теңгені құрайды, қатысушының салымынан құралады және мемлекеттік тіркеу мерзіміне толық құралған.

5.2. Серіктестіктің мүлкін құрайтындар: негізгі қорлар және айналымдағы қаражаттар, сонымен қатар Серіктестіктің қаржылық есебінде құны көрсетілетін өзге де мүліктер болып табылады.

5.3.Серіктестіктің мүлкін қалыптастыру көзі:

қатысушының жарғылық капиталға салымы;

Серіктестіктің қызметінен түскен табыс;

Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де табыс көздері болып табылады.

6. Серіктестіктің органдары

6.1. Серіктестіктің органдары:

серіктестіктің жоғары органы - дара қатысушысы – жарғылық капиталдағы 100% үлесімен Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады.

Серіктестіктің мемлекеттік үлесін иелену және пайдалану құқығы (100%) «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесіне беріледі.

Серіктестікке қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді немесе Серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекітуді қоса алғанда, Серіктестіктің жарғысын өзгерту;

2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;

3) Серіктестіктің байқаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) Серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктеріне, сондай-ақ, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

5) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

6) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

7) Серіктестік қатысушысы үлесінің сатып алу, бөлу, сату, иелігінен шығарудың басқа нысаны туралы шешім;

8) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім;

9) Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

10) Серіктестікке қатысушыға және үлесті сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін және мерзімдерін бекіту.

11) жеке дара қатысушы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға, қабылдауға құқылы.

6.2. Бас директор Серіктестіктің атқарушы органы болып табылады, ол жоғары органға есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Бас директордың еңбек қатынастары Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларына сәйкес реттеледі.

6.3. Серіктестік бас директорының өкілеттіктері:

1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;

3) қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлық беру мәселесін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

4) жоғарғы органының келісімімен еңбекақы төлеу қорын, жылдық қаржылық есептілік нысанын және таза табысты бөлу тәртібін бекітеді;

5) Серіктестіктің ішкі ережелерін, олардың қабылдану рәсімін және Серіктестіктің жарғысымен бекітілуі Серіктестіктің жоғарғы органдарының

құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекітеді;

6) бас директор Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілікте болады.

6.4. Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін байқаушы кеңес құрылуы мүмкін.

Серіктестіктің байқаушы кеңесінің қызметі және онымен шешімдер қабылдау тәртібі Қызылорда облысының әкімдігі – Серіктестіктің жоғарғы органының шешімімен қабылдаған ережелермен және өзге құжаттармен айқындалады.

6.5. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Серіктестікке қатысушыларының ішінен немесе олардың өкілдерінен тексеру комиссиясы құрылуы немесе тексеруші сайлануы мүмкін.

Тексеру комиссиясы (тексеруші) Серіктестіктің қатысушысымен немесе оның өкілімен бес жыл мерзімге сайланады.

Бас директор немесе атқарушы органдарының мүшелері Серіктестіктің тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Серіктестіктің жоғарғы органының шешімімен бекітілген ішкі қызметті реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен анықталады.

7. Серіктестіктің таза табысын бөлу

7.1. Серіктестіктің табысы бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша қаржы есебі негізінде анықталады.

7.2. Таза табысты бөлу туралы шешім Серіктестіктің тиісті жылдық қызметінің нәтижелері бойынша Серіктестіктің жоғары органымен (қатысушысының) шешімімен қабылданады.

7.3. Серіктестіктің резервтік капиталы құрылған жағдайда, Серіктестіктің ықтимал шығындары осы қаржы есебінен жабылады. Резервтік капиталдың мөлшері жетіспеген кезде немесе резервтік капитал болмаған жағдайда шығындарды жабудың көздері туралы шешімді қатысушысы қабылдайды.

8. Серіктестіктің жұмыс тәртібі

8.1. Серіктестіктің жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің нормаларына және ішкі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

9. Осы жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

9.1. Серіктестіктің жарғысына өзгертулер мен толықтулар енгізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте қатысушысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

10. Серіктестіктің қайта құрылуы және таратылуы

10.1. Серіктестік қатысушының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

10.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.